

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Косшыгулова Алия Сериковнаның диссертациясына
АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары»

Зерттеудің мақсаты: Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуды теориялық негіздеу және оның бағдарламасын әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың теориялық негіздерін айқындау;

2. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды негіздеу;

3. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;

4. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың бағдарламасын әзірлеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында оның тиімділігін тексеру.

Зерттеу әдістері: талдау, жинақтау, психологиялық-педагогикалық эксперимент; психологиялық диагностикалық әдістемелер кешені: сауалнама, студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, түрлендірген Н.Ц.Бадмаева); «мағыналы өмірлік бағдарлар» тесті (МӨБ әдістемесі), Д.А.Леонтьев; ЕӨБ тест-сауалнамасы (ерікті өзін-өзі бақылау) А.В.Зверьков және Е.В.Эйдман «ерікті өзін-өзі реттеуді зерттеу»; Т.А.Немчиннің жүйке-психикалық ширығу шкаласы (ЖПШ сауалнамасы); СБД (субъективті бақылау деңгейі) тест-сауалнамасы (Е.Ф.Бажин, Е.А.Голынкин және А.М.Эткинд) Дж.Роттердің бақылау локусы шкаласының негізінде; жеке тұлғаны (Е.Ф.Бажин, Е.А.Голынкин және А.М.Эткинд); рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (А.В.Карпов, В.В.Пономарева); «мінез-құлықтың өзін-өзі реттеу стилі МӨРС» сауалнамасы (В.И. Моросанова); эксперимент нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу әдістері: Манн-Уитнидің U-өлшемдері, SPSS бағдарламасы.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

1. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруы – бұл оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруды және оны оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларында (күндізгі, қашықтықтан, аралас) жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құндылықты-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік, әрекеттік компоненттерінің тұтастығын білдіретін тұлғаның интегративтік қасиеті.

2. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі келесідей блоктар жүйесін ұсынады: мақсатты, мазмұндық, процессуалдық және бағалау-нәтижелік. *Мақсатты*

блок әлеуметтік сұранысты білдіреді - студенттер мен мамандарға қойылатын заманауи талаптарды (қазіргі заманның сын-қатерлері, білім беруді цифрландыру және әртараптандыру жағдайында іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыруға дайын болашақ маман) және мақсатты (студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту) көрсетеді. *Мазмұндық блок* компоненттерді (құндылықты-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік, әрекеттік) және студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың көрсеткіштерінен тұрады. *Процессуалдық блокта* студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың тәсілдері, жұмыс қағидалары, психологиялық-педагогикалық шарттары және кезеңдері көрсетілген. *Бағалау-нәтижелілік блокта* студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруының даму деңгейлері анықталған (жағдаяттық-интуитивтік, репродуктивті-нормативтік, құрылымды-талдамалық, шығармашылық). Модельді жүзеге асырудың нәтижесі оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруы жоғары деңгейде дамыған студент болып саналады.

3. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту келесідей шарттар кешенімен қамтамасыз етіледі: педагогикалық – оқу курсы ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуға бағытталған пәндерді енгізу; материалды тереңдетіп зерделеуге бағытталған дәрісханадан тыс өзіндік жұмысты ұйымдастыру; студенттерді оқытушымен бірлескен оқу әрекетін ұйымдастыру, бақылау және өзін-өзі бақылау бағытындағы іс-әрекеттерге қосу; студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуға бағытталған оқытудың формалары мен әдістерін интеграциялау (белсенді, ақпараттық интерактивті, арнайы); студенттің оқу әрекетіне қатысты субъективті ұстанымының негізі ретінде рефлексияны дамыту. Психологиялық – өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру мотивациясын дамыту; өзін-өзі ерікті реттеу және өзін-өзі бақылау дағдыларын жетілдіру; стресске төзімділікті дамыту; мақсат қою, уақытты жоспарлау және түзету дағдыларын дамыту.

4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін растайды, бағдарлама онлайн-офлайн, ЖОО-ның білім беру процесін ұйымдастырудың алуан түрлі формаларын жүзеге асыру кезінде нәтижелі болады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

1. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мәселесінің психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылып, ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде теориялық тұрғыда негізделген;

2. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, «студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру» ұғымы нақтыланған;

3. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың мәні, құрылымы және мазмұны анықталып, студенттердің оқу әрекетін өзіндік

ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары негізделген;

4. Университеттің білім беру үдерісінде студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың компоненттерді, психологиялық-педагогикалық шарттарын, даму кезеңдері мен деңгейлерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.

5. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасы әзірленіп, оның тиімділігі эксперименталды түрде тексерілген және ұсыныстар берілген.

Диссертацияның тараулары мен тараушаларындағы қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар ғылыми тұжырымдарға және педагогикалық эксперимент нәтижелеріне негізделіп жазылған.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Бірінші ғылыми нәтиже зерттеу мәселесіне қатысты алыс, жақын шетел ғалымдары мен отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде «студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру» ұғымының мәні, құрылымы мен мазмұнын нақтылаумен, негізгі ұғымдарға авторлық анықтама берілуімен негізделеді.

Екінші ғылыми нәтиже зерттеу болжамын дәлелдеуге септігін тигізетін студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындауға алғаш рет талпыныс жасағандығымен негізделеді.

Үшінші ғылыми нәтиже студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденген. Модельде құндылықты-мотивациялық, аффективті-еріктік, когнитивті-рефлексивтік және әрекетті компоненттер түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

Төртінші ғылыми нәтиженің маңыздылығы автордың жасаған студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасы тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оң нәтиже берумен дәлелденеді. Сонымен қатар, "Педагогика" пәні бойынша өзіндік жұмысты орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылды. Әдістемелік ұсыныстар өзіндік ұйымдастыру деңгейін арттыруды ескере отырып, студенттерге арналған тапсырмаларды, әдістемелік қамтамасыз етуді (СӨЖ бағыт-картасы) қамтиды, оқытушы функцияларының өзгеруін көрсетеді - реттеушілік, үйлестіру, фасилитацияға дейін. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бойынша автордың әзірлемелерін көрсететін оқытушыға арналған ұсыныстар.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік бағдарламасында жоғары білім беруді жаңғырту ХХІ ғасырдың жаһандық және заманауи

құндылықтар құзыреттілігі тұрғысынан жүзеге асырылатындығы және экономиканы технологиялық жаңғырту жағдайында елге құзыреттіліктердің әмбебап жиынтығы және жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар қажетігі атап көрсетілген.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқытудың дескрипторлары - осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу; әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану; оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну; академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну нәтижелерін жинақтай білу қажеттігі көрсетілген. Сондықтан студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары шешімдерін табу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланыстылығын танытады.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Диссертация тақырыбы бойынша 8 ғылыми мақала жарияланды. Соның ішінде 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 4 мақала ҚР ҒжЖБ министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 2 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

1. *Pedagogical and Psychological Conditions for the Organization of Independent Work of Students// European Journal of Contemporary Education, 2022. 11(4): 1134-1146.* (авторлық бірлестікте: Sarsenbayeva L., Karakulova Z., Kalibekova S. – 30%, докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 70%) мақалада студенттердің өзіндік ұйымдастыруын қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

2. *Студенттердің оқу іс-әрекеттерін өздігінен ұйымдастырудың психологиялық ерекшеліктері//Абай атын. ҚазҰПУ, Ғылыми-әдістемелік журнал «Педагогика және психология» №1(38)2019. -81-876. ISSN2077-6861. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/11/38>* (авторлық бірлестікте Сарсенбаева Л.О. –20%, докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 80%). Бұл мақалада қазіргі заманғы студенттердің оқу әрекеттің өздігінен ұйымдастырудың психологиялық ерекшеліктері сипатталады.

3. *Студенттердің оқу іс-әрекетінің өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары//Абай атындағы ҚазҰПУ-ң*

Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. №1(65)2020, 136-140 б. ISSN 1728-5496. <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/85/380>

(авторлық бірлестікте Кенжебаева А.Т.–10%, докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 90%) Мақалада автор көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын тек қана оқу емес, жеке және қоғамдық маңызы бар өзіндік жұмыс ретінде анықтайды.

4. *Студенттердің оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру*//Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Психология» сериясы. №3(64)2020, 142-146б. ISSN1728-7847 <https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/115/283> (докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 100%) Мақалада қазіргі студенттердің оқу әрекетін өздігінен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

5. *Pilot study of self-organization and the formation of social and pedagogical competencies in the educational activities of students*//Абай атындағы ҚазҰПУ, Ғылыми-әдістемелік журнал «Педагогика және психология». №4 (49) 2021 ж. 228-237б. ISSN 2077-6861. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/579/786>

(авторлық бірлестікте Садыкова А.Б.–40%, докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 60%,) Мақалада элеуметті-педагогикалық құзыреттіліктер шеңберінде өзіндік ұйымдастыруын қалыптасу критерийлері мен оларды зерттеудің нақты әдістерін пилоттық зерттеу талқыланады.

6. *Психологические особенности самоорганизации учебной деятельности студентов*//«Жас ғалым: экономика, құқық, психология және білімнің өзекті мәселелері» Жас ғалымдардың университетаралық жыл сайынғы конференциясының материалдар жинағы. 05.12.2018 СПб:БГИ, 2018. С.19-24. (авторлық бірлестікте Сарсенбаева Л.О. – 30%, докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 70%). Бұл мақалада қазіргі студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын психологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

7. *Студенттердің кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру мәселелері*//«Теориялық және практикалық психологияның өзекті мәселелері» атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференция. ҚазҰҚПУ. 24.02.2021. 26-29б. (докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 100%) Мақалада қазіргі заманғы жоғары білім, ең алдымен, тұлғаның кәсіби дамуы мен өзін-өзі дамытуымен байланыстылығы қарастырылады.

8. *Основные функции самоорганизации учебно-профессиональной деятельности студентов*//«Білім беру жүйесін басқару ғылыми мектебінің Шамов педагогикалық оқулары» XIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. МАНПО мақала жинағы. 2 бөлім, М.2021. 760-762 б. (докторанттың дайындауға қосқан үлесі - 100%) Мақалада студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын негізгі функциялары ұсынылған және қысқаша сипатталған.